

Фактчекинг: Болгария, Британия және Қазақстан тәжірибесін салыстырмалы талдау

Аңдатпа. Күллі әлемді әбiгерге салған COVID-19 пандемиясы басталғалы жалған ақпаратқа қарсы күрес, фактчекинг жасаудың өзектілігі арта түсті. Фактчекинг жасау, мәселені жан-жақты, түбегейлі қарастыру, ең бастысы журналистер мен оның аудиториясының медиа сауатын арттыру тақырыбы – бүгінде күллі әлем медиа кеңістігі үшін үлкен маңызға ие. Сол себепті мақалада автор Болгария және Британиядағы фейкньюске қарсы күрес жүргізген тәжірибелі мамандардың, Factcheck Kazakhstan жобасы бас редакторының медиа сауатты арттыруға қатысты пікірін ұсына отырып, мәселені шешудің жолдарын анықтайды.

Түйін сөздер: фактчекинг, әлеуметтік желідегі фейк ньюске қарсы күрес, медиа сауатты арттыру мәселесі, Болгария және Британия онлайн медиасындағы фейк ньюске қарсы күрес тәжірибесі, Қазақстандағы фактчек жобасының ерекшелігі, жалған ақпаратты құқықтық реттеу мәселесі.

DOI: 10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-19-26

Кіріспе

Уақыт өткен сайын коммуникация технологиялары дамып, журналистерден талап етілетін жауапкершілік күшейе түсуде. Ақпаратпен әлеуметтік желі арқылы танысатын пайдаланушыларының саны көбейе түскенмен, аудитория тарапынан ақпарат көзіне деген сенім азайды. Ал оның журналист үшін ең басты құндылық екенін ескерсек, фейк ньюске қарсы күрес, ең бастысы медиа сауатты арттыруға баса назар аудару қажет. Осы орайда автор Қазақстан, Болгария және Британиядағы жалған ақпаратпен күрескен тәжірибелі мамандардан алған эксперттік интервью негізінде аталған мәселені шешу жолдарын қарастырады.

Зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында сала сарапшыларынан сұхбат алынып, Болгария, Британия және Қазақстандағы фактчек платформалары жұмысының ерекшеліктері мен ұқсастықтары және ортақ мәселелерін анықтау мақсатында салыстырмалы талдау әдісі қолданылды.

Талқылау

Сұхбат барысында алынған пікірлер фактчекинг саласында қызмет етіп жүрген мамандар Factcheck Kazakhstan жобасының Бас редакторы Думан Смақ, Болгария Республикасындағы Климент Охридский атындағы София университеті профессоры, фейк ньюс тақырыбы бойынша зерттеу жүргізген ғалым Иванка Мавродијева және әлеуметтік желімен байланыс орнатуға қатысты семинар, тренинг өткізіп жүрген халықаралық журналист, SMM маманы британиялық Сара Херстпен талқыланды.

Қазақстандағы фактчекинг

Factcheck Kazakhstan жобасының Бас редакторы Думан Смақтың пікірінше, өкінішке қарай, бүгінде Қазақстанда халықтың медиа сауатын көтеру - өте қарапайым, бастапқы деңгейде.

«Интерьюс» және «Медианет» атты халықаралық екі ұйым ғана жүйелі түрде осы мәселені шешуге араласып жатыр. Басқа да медиа ұйымдар бар. Бірақ олардың жалған ақпаратқа қарсы күрес, медиа сауатты көтеруге қатысты атқарған шаруасы аз.

Мәселен, биыл ғана Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 8-ші сынып оқушыларына арнап «Медиа сауат» немесе «Медиа-ақпараттық сауаттылық» атты пәндерді енгізуді ұсынды. Ол факультативтік деңгейде кейбір мектептерде жүріп жатыр. Мұғалімдердің дайындық деңгейі, сабақ қалай жүріп жатыр деген сияқты оның сапасына қатысты сауалдар жеткілікті. Бұл – жеке бір зерттеу тақырыбы.

Дегенмен, халыққа тұрақты түрде қазақ және орыс тілдерінде фактчек материалдарын ұсынып отырған Қазақстанның фактчекерлерінің кәсіби деңгейі әлемдегі басқа да фактчек ұйымдардың мамандарынан артық болмаса, еш кем емес. Оның бір дәлелі – қазақстандық фактчек қызметінің әлем бойынша құрамына 100-ге жуық ел кіретін Халықаралық фактчекінг желісінің IFCN (The International Fact-Checking Network) құрамына кіруі. «Біздің мамандардың ТМД, Орталық Азия, тіпті Еуропаға тұрақты түрде медиа сауатты көтеруге қатысты шараларға үнемі спикер, сарапшы ретінде шақырылуы олардың дамыған елдердегі әріптестерімен иық тіресіп тұра алатынын көрсетсе керек», - дейді медиаменеджер Думан Смақ.

Factcheck.kz командасы – әлеумет, экономика, мәдениет, саясат және тағы да басқа салалар бойынша тәжірибесі бар, елдегі тұңғыш фактчекінг ресурсын ашу жөнінде шешім қабылдаған кәсіби журналистер тобы. Жобаның негізгі міндеті – ақпарат құралдарында жарияланған ақпараттың, әлеуметтік желідегі жазбалардың және ел алдында жүрген тұлғалардың мәлімдемелерінің рас-өтірігін тексеру. Жобаның бастапқы кезеңінде «Сорос-Қазақстан Қоры» КҚ қолдау көрсетті, кейін редакция біртіндеп бюджетті әртараптандыруға көшті [1].

Фактчекінг - алдымен журналистиканың форматы. Ол өз алдына жанр емес. Қазақстандық фактчекерлер оны одан әрі 4 форматқа бөліп қарастырады.

- Фактчекінг (ағыл. fact-check), сөзбе-сөз аударсақ фактіні тексеру деген мағынаға ие термин.
- Дебанкінг (ағыл. debunking) – қоғамда қалыптасқан, өткен және осы шақтағы нарративтердің шын не өтірік екенін дәлелдеу.
- Уәдені қадағалау (ағыл. promise tracking) — жауапты тұлғалардың ел алдында берген уәдесін, оның көрсетілген мерзімге сәйкес орындалуын қадағалау.
- Үгіт-насихат деконструкциясы (ағыл. propaganda deconstruction) - үгіт-насихат сипатына ие медиадағы нарративтерді бұқаралық тұлғалардың мәлімдемелерін және олардың қоғам санасына әсерін түсіндіретін формат [2]. Отандық сарапшылар аталған формат түрлері алдағы уақытта көбеюі мүмкін екенін ескертеді.

Жалпы посткеңестік аймақ бойынша фактчек платформасы Ресей, Украина, Грузияда бар. «Біздің негізімізді салған кезде, бізге украиналық әріптестер көмектесті. Ал біз Орталық Азия елдеріне фактчек ресурстарын таратуға ықпал жасадық. ТМД елдеріндегі фактчек ресурстардың даму деңгейі бірдей, олар өзара тығыз қарым-қатынас орнатып, серіктес ретінде бірге жұмыс істейді», - дейді Factcheck Kazakhstan жобасының Бас редакторы.

Бүгінде автоматтандырылған фактчек деген ұғым бар. Қазір көптеген әлеуметтік желілер фейк ақпарат тарап кетпеу үшін соны пайдаланады. «Дегенмен, ютубтың өзінде фактчек ресурстарының өзінің видеоларын өшіріп тастап жатады. Өйткені, мынау фейк ақпарат деп айтылғанды ютубтың алгоритмі түсінбейді. Factcheck.kz-те осындай жағдай болды. Сондықтан автоматтандырылған фактчек жасау – кейбір жағдайларда ғана тиімді. Біздің жұмысымызды жеңілдетеді. Кейбір жағдайларда жұмысымызды қиындатып жіберуі мүмкін. Сондықтан автоматтандырылған фактчекті қолдауым - 50х50. Егер ұқсас жағдайлар болса, жасанды интеллектпен тексеріп шығуға болады әрине. Кейде оның шамасы жетпейтін жағдайлар болады», - дейді отандық медиаменеджер.

Өкінішке қарай, қазір әлеуметтік желіде жарияланған материалдарды бұғаттап тастау жиі

кездеседі. Бұл - цензура ма, әлде заман талабынан туған қажеттілік пе деген сауалға Думан Смак «егер ол адам құқықтары, сөз бостандығы, өмір сүру принциптеріне қайшы контент болса және оған жекелей адамдар тарапынан шағым түскен болса, әлеуметтік желі әкімшісінің бұғаттап тастауы орынды. Егер де мемлекет тарапынан билікке айтылған пікір-сынға, ойға қатысты өшіріп таста деген болса, бұл әрине – цензура», деп жауап берді. Оның пікірінше, аудиторияның БАҚ-қа деген сенімінің жоғалуына - ең алдымен мемлекет кінәлі. Мемлекет ақпараттық саясатты дұрыс жүргізіп отырған жоқ. Өкінішке қарай, мемлекет жұмыстың жақсы жағын дәріптеуді қалайды. Проблемаларды жасырады. Қазақта «ауруын жасырған өледі» деген сөз бар. Ақпараттық саясатты өзгертсе ғана, аудиторияның ақпарат құралдарына деген сенімі арта бастайды. Әсіресе үгіт-насихаттық материалдарды азайту керек. Пропаганда жақсылыққа апармайды», -деп жауап берді.

Біздің елде фейк ньюстің таралуын реттеуге қатысты БАҚ сарапшыларының арасында дау бар. Бірі жаппай халықтың емес, алдымен журналистер арасында медиасауатты көтеру керек десе, екінші топ заң талаптарын күшейту керек деп санайды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 274-ші бабына сәйкес, жалған ақпарат таратқан адам айыппұл төлейді, түзету жұмысына жіберіледі, ең ауыры 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылады [3].

Factcheck Kazakhstan жобасының Бас редакторы оқыту-ағарту жұмыстарын қолдайды. «Мектептен бастап, барлық білім беру жүйесінде, барлық ұжымда медиа сауатты арттыруға қатысты пәндер, факультативтер болғаны ләзім. Жаппай ағарту жұмысы жүрген кезде ғана біз жеңіске жетеміз. Мысалы, иммунизация бар ғой, ауруға қарсы екпе салынса, жалған ақпаратқа да қарсы солай иммунизация жасауымыз керек. Жаза қатал болған сайын, қылмыс жойылып кетеді деген сөз емес. Адамдар қандай жағдай болмасын қылмыс жасайды. Мейлінше гуманизация керек. Қылмыстық кодекстің 274-ші бабын әкімшілік кодекске шығарған жөн. Немесе жазаның класификациясын жасау керек», дейді.

Британиядағы медиа сауат мәселесі және фейк ньюспен күрес тәжірибесі

Зерттеуші шетелдік мамандардың пікірін білмек болып, Британияның тренер-журналисі Сара Херсттен де эксперттік интервью алған. Ол – Ресей, Әзербайжан, Қытай және АҚШ-тың ақпарат құралдарында қызмет атқарған, «Би-би-си», «Рейтер» ақпарат агенттіктері және бірқатар тәуелсіз басылымдарда тілші болған, Аляска университетінің маркетинг бөлімінде, сондай-ақ әлеуметтік желі арқылы аудитория назарын аударуға қатысты бірқатар жобаларда жұмыс істеген сарапшы.

Сара Херст «Әлеуметтік желілерде автоматтандырылған фактчек жасау қаншалықты тиімді. Оның аудитория сенімін тудыратындай ықпалы бола ма» деген сауалға «фактчекінгі автоматтандыруға болар, бірақ контентке қатысты шағым түспей тұрмайды. Кейде диктатура жасайтындарға қандай бір материал ұнамаса, олар ақпарат құралдарының ішкі ісіне араласады. Бір қарағанда өте ауқымды ақпарат легін адамдар түгел тексеріп үлгермейді. Сол жағынан әрине, автоматтандырған жөн. Мәселен Twitter қандай да материалда оқырманды адастыратын мәселе болса, міндетті түрде оған арнайы белгі қояды. Ол әрине, елге зиянын тигізетін аккаунттарды бұғаттаған сияқты пайдасы бар дүние. Адамдардың барлығы әлеуметтік желіде жарияланған материалдарға сенеді деп айту қиын. Бірақ вакцинациялауға қатысты күллі әлем бойынша біраз қиындық тудырған мәселе – осы фейк ақпараттардың тарауы болды. Антиваксерлер нақты осы әлеуметтік желі арқылы идеологиясын жүргізіп, халықтың екпе салуына қарсы шықты. Бұл - өте ауқымды мәселе. Мұндай проблемаларға төтеп берудің жалғыз жолы – өте сауатты, әрі қызықты контент ұсыну. Сонда ғана шынайы ақпарат алатын аудитория көбейеді» деп жауап берді.

Британдық сарапшы әлеуметтік желі әкімшісі онда қандай да бір күдікті материал жарияланса, оны бұғаттауға міндетті деп санайды. «Редакция тарапынан бақылау жасамаса болмайды. АҚШ Конституциясында Үкімет сөз бостандығын шектемейді деген бар. Бірақ

жекменшік компаниялар қалағанын жасай береді. Әлеуметтік желі деген заң бойынша баспа құралы емес. Олар жарияланған ақпараттарға қатысты жауапқа алынбайды. Бірақ нәсілшілдік, ұлтаралық мәселені қоздыратын материалдарға қатысты оларда жауапкершілік болуы тиіс.

Адамдар ақпарат көзіне деген сенімді жоғалтса, біз оны қайта қалыпқа келтіре алмаймыз. Бұл – қалыпты жағдай. Бұрынғыдай, кешкі уақытта барлық отбасы мүшелері қорытынды жаңалықтарды көру үшін теледидар алдына жиналатын уақыт келмесе кеткен. Таң атысымен газет оқу, осылайша өзінің сенімді ақпарат көзін табу деген бұрын болған. Қазір бәрі өзгерген. Өкінішке қарай, әр адам осы салада туындаған мәселені тек өзі ғана шеше алады. Қай ақпарат көзі пайдалы, қайсы жарамсыз, қайсы жетекші орынға ие – оны оқырманның өзі шешеді. Бұл – өте күрделі таңдау. Кейбір адамдардың шатасуы да заңдылық. Әдетте адамдар өзі сенгісі келетін дүниені іздейді. Шындық олар үшін маңызды емес. Осы тұрғыдан қарастырғанда шындық дегеннің өзі жағымды дүние емес. Facebook мен Google-дің қаржы көзі - жарнама. Шындықты жазатын БАҚ-тың ғұмыры қысқа. Олар алдымен қызметкерлерінің санын қысқартып, кейін өздері жабылып тынады. Адамдар тегін ақпарат алғысы келеді. Бұрынғыдай газетке жазылу, одан пайда көру деген жоқ. Күллі әлем журналистері жергілікті Үкімет тарапынан қысымға ұшырайды. Кейде оларға қарсы заңсыз әрекет жасалады, кей журналистерді тапсырыспен өлтіретіндер де бар. Қоғам тарапынан да оларға қарсы қысым көрсететіндер жеткілікті. Мысалы, жақында Лондондағы BBC және ITV мекемелеріне антиваксерлер баса-көктеп еніп, халыққа екпе туралы ақпарат таратқаны үшін оларға қоқан-лоққы көрсеткен.

Журналистер ақпарат көзіне сенбейтіндердің мәселесін шеше алмайды. Біз бұрынғыдай елдің бәрі кешкі алтыдан бастап, жаңалық көріп отыратын, ақпарат көзіне Құдайдай сенетін заманды қайтара алмаймыз. Өкінішке қарай, әр адам өзіне не керек, қайсы пайдалы, қандай ақпарат көзі сенімді емес екенін өзі анықтауы керек. Бұл – өте күрделі жұмыс, сондықтан да көп адамның жолы болмай жатады. Бұдан шығатын қорытынды адамдар өздері не нәрсеге сенгісі келсе, соған сенеді, шындыққа сенеді деп айту – артық.

Үкімет тарапынан фейк жаңалықты жазатындарды жазалап, қылмыстық іс қозғау керек, әйтпесе олар сол баяғы әдетіне басып, елге зиянын тигізеді. Мысалы, коронавирус Ухань зертханасынан шықты деген ақпаратты алып қарастырайық. Осы айдың мамыр айында Фейсбук өз саясатын өзгертіп, алдағы уақытта коронавирус зертханадан шықты деген хабарды өшірмейтінін хабарлады. Осыған дейін оны күні бұрын келісілген дүние деп айыптаған. Кейін басқа сарапшылар иә, солай болуы мүмкін деген пікір білдірді. Біз әлі күнге дейін нақты ақпарат білмейміз. Егер осы үшін адамдарды түрмеге қамаса, ол шындық болып саналар ма еді?

Британияда Үкімет «фейк жаңалықтар» туралы заңды пайдаланады. Ол бойынша, билікті сынға алып, жазаланған журналистер жеткілікті. Керісінше БАҚ-ты айыптаптайтын да билік бар. Мысалы, Дональд Трамп CNN мен BuzzFeed-ті фейк жаңалық таратады деп айыптады.

Ресей коронавирус туралы фейк ақпарат тарататындарға қарсы заң қабылдады. Соның кесірінен, өңірде қанша адамның нақты ауырғанын хабарлаған адамдар сотпен қудаланды. Қырғызстан да жалған ақпарат туралы заң қабылдағалы жатыр. Human Rights Watch оны сынға алды.

Сара Херсттің айтуынша, Британияда балалар мектеп жасынан әлеуметтік желідегі фейк жаңалықты ажырату үшін білім алады. BBC сияқты алпауыт компанияларда жалған ақпаратты ажыратып отыратын арнайы мамандар бар. Олар мәселенің себеп-салдарын айқындап жазып, халыққа бәрін түсіндіріп бере алады. Бір жаманы мұғалімдердің өзі фейк жаңалықтарға иланады. Мәселен, менің қызымның мұғалімі коронавирус деген кәдімгі тымау деп түсіндірген. Мүмкін ол балалар өлім туралы ойлап, алаңдамасын деген болар, бірақ бала алғаш қабылдаған ақпаратқа сенеді ғой. Британия - жалған ақпаратпен күресте дәрменсіз. Мысалы, 2016 жылы Брексит кезінде де небір жел сөз тарады. Еуропалық одақ құрамынан шыққан соң, ақшамыз көбейеді, денсаулық сақтау саласы жақсарады деген хабарлар болды. Содан бері бірнеше жыл

өтті. Ештеңе өзгермеді. Ал қазір КОВИД-19 күллі әлем фейкмейкерлері үшін жақсы мүмкіндік болды.

«Фактчекинг ағылшын тілді елдерде үлкен бір өндіріске айналып үлгерді. Кейде бір болмайтын посттарды тексеріп әуре болатындар бар. Оған ешкім де назар аудармауы мүмкін. Оның орнына шын мәнінде не болып жатқанын хабарлап, соны әлеуметтік желі арқылы жедел таратқан маңыздырақ болар еді. Негізінен фейк ньюске фактчекинг жасап әуре болғанша, оны елемей қоя салған жөн. Ресейде фейкньюске қарсы жұмыс аз. Себебі билік тарапынан қысым көп. Олардың ішінде тәуір деген фактчекерлер шетел агенті деген атауға ие болып, қуғындалады. Украинада Stop Fake бар. Қазақстанда Factcheck.kz – өте жақсы жоба деп танымын, -дейді британдық сарапшы.

Бұрын Кеңес одағы құрамында болған елдердегі фактчек ресурстардың дамуы журналистік зерттеу деп аталатын, өкінішке қарай, ТМД-да «өлі жанр» деп қарастырылатын зерттеудің дамуына оң ықпал ете ме деген сауалға Сара Херст: «Сөзсіз, көбірек фактчекинг жасалса, оның журналистік зерттеудің дамуына оң ықпал ететіні белгілі. Бірақ осы аймақтағы ең басты мәселе – үкімет тарапынан қысымның жоғары болуы. Мәселен, Ресейдегі тәуелсіз телеарна «Дождь» жергілікті билік пен үкіметтік емес қорлардан көк тиын алмайды. Бірақ Еуропалық Одақтан 130 мың еуро грант ұтып алды. Салдарынан «шетелдің агенті» атанды. Демократия мен азаматтық қоғам дамымайынша, журналистік зерттеу дамиды деу – артық», деп жауап берді.

Болгарияның жалған ақпаратқа қарсы күрес тәжірибесі

Дәл осындай сауалдарды Болгария Республикасындағы Климент Охридский атындағы София университеті профессоры Иванка Мавродиеваға да қойған едік. Ол - «Болгарияның онлайн медиасындағы фейк ньюс және пост-шындық» атты кітаптың авторы.

Оның пікірінше, «фактчекинг жасауды автоматтандыру жақсы нәтиже береді. Бірақ автоматизация, бағдарламамен қамтамасыз ету және тексеру процесі ғылыми әдіспен үйлесуі тиіс. Адамдардың әлеуметтік желіге деген сенімі әртүрлі. Мәселен, Болгарияда LinkedIn атты іскерлік әлеуметтік желіге деген сенім басым. Интернетті пайдаланушылар Facebook-ке күмәнмен қарайды. Оны жылдам хабар тарататын, наразылық шеруіне қатысу үшін халықты жинайтын және бейресми байланыс орнату құралы деп таниды. Жалған ақпаратты құқықтық реттеуге қатысты бір жақты жауап беру қиын. Егер адам құқы мен этикалық нормалар бұзылып жатса, ол қажеттілік. Егер сөз бостандығы шектеліп, журналистердің немесе қоғамдағы белгілі бір ұйымдардың жұмысына шектеу қойылса, оны цензура деп қарастыру керек», - деп санайды.

Халықтың ақпарат көзіне деген сенімін қалай қайтаруға болады деген сауалға, профессор «оны сауаттың екі түрін дамыту арқылы жүзеге асыруға болады. Олар цифрлық және медиа сауат. Адамдар ақпаратты түрлі дереккөздерден алғанда сыни ойлау және деректі тексеру арқылы фактчек жасайды. Бұл ресми және сенімді ақпарат көзіне деген сенімді қалыпқа келтіреді», - дейді.

«Журналистердің цифрлық сауатын жетілдіру, заманауи және сенімді бағдарламамен қамтамасыз ету, командалық жұмыс керек. Оның құрамында лингвист, медиа және технология саласының маманы болуы тиіс. Сонымен қатар, БАҚ жетекшісінде адами ресурстарды басқару саясаты болуы тиіс. Жұмысқа адал, мотивациясы бар, кәсіби біліктілігі жоғары мамандарды алу керек. Менеджер де, журналист те этикалық кодекске сай жұмыс істеуі тиіс. Ал жалған ақпарат таратқандарды жазалауға қатысты санкция деген маңызды, алдымен медиа сауаттың қаншалықты қажет екенін түсіну керек. Арнайы білім алған адам постшындық пен жалған ақпаратқа жол бермейді. Заңды бұзғандар жазасын өтейді деп жауап берді.

Болгарияда медиа сауатқа баса назар аударады. Сала қызметкерлері арасында өз бетімен білім алғандар және Еуропалық жобалар аясында білім жетілдіргендер бар. Қазір ондай курстар өте көп. Бірақ ол жеткіліксіз. Медиа сауатты мектептен бастап оқытып, біртіндеп қоғамның басқа да топтарын көбірек қамту керек.

Болгариядағы фактчек жобаларды Еуропа және жергілікті үкімет қаржыландырады. Кейбір БАҚ тегін фактчек істейді. Журналистер негізінен онлайн БАҚ-та және әлеуметтік желіде жалған ақпараттарды әшкерелеп жатады. Болгарияның ұлттық телеарнасында «МедиаГра» деген бағдарлама бар. Сол жобаның халықтың медиа сауатын арттыруға қосатын үлесі зор, әрі ол күрделі, бірлескен жұмыс. Медиаменеджер, журналист, ПР менеджер, және онлайн контентке жауапты тұлға бірлесіп, еңбек ететін, ұзақ уақыт және тұрақты нәтижені қажет ететін жұмыс», - деп жауап берді болгариялық ғалым.

Нәтижелер

Бүгінде жылдам әрі шұғыл хабар тарату керек деген принциппен жұмыс істейтін журналистер мәселенің тереңіне үңіле бермейді.

- Кез келген материалды жариялағанда онда сарапшылардың пікірі мен талдау болуы керек.

- Пандемия мен соның салдарынан болған дағдарыс кезінде нарықтағы бәсеке және оны реттеу, БАҚ экокүйесіндегі өзгеріс пен жоғары деңгейлі журналистика арасындағы тепе-теңдікті сақтау қиын. Сондықтан, әр журналист үшін медиа сауатты болу және верификация, фактчекинг жасауды білу аса маңызды.

- Ашық қоғамды дамыту үшін ашық дереккөздер көп болуы керек.

- Жалған ақпараттың кеңінен таралуына тосқауыл болатын заңға гуманизация керек.

«Қазір медиа үшін кәсіби стандарттар мен этика нормаларын қатаң ұстанатын заман туды. Жалпы қоғамның қызығушылығын тудырмайтын ақпаратты жариялаудан аулақ болу және тексерілмеген ақпаратты жариялаудан бас тарту қажет»[4].

Қорытынды

Эксперттік интервьюге қатысқан мамандардың пікірін сараптай келе, автор мынадай ұсыныстар жасайды:

1. Қазақстан халқының медиа сауатын көтеру үшін алдымен журналистердің осы саладағы білімін жетілдіру қажет.

2. Медиа сауатқа қатысты қосымша білім беретін мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыру жұмысына тәжірибесі мол журналистерді тарту керек.

3. Жалған ақпарат таратушыларды жазалаудан бұрын халықтың жаппай медиа сауатын көтеру жұмыстарын жүзеге асыру керек.

4. Журналистер әлеуметтік желіде жарияланатын материалдардың форматын заман талабына сай өзгертуі тиіс. Сапалы жарияланымдар легі жалған ақпаратты көлеңкеде қалдырады.

5. Үкімет ашық деректер қорын көбейтуі тиіс. Бұл өз кезегінде фактчекинг және дата журналистиканың дамуына оң ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Біз туралы [Электрон. ресурс]. – 1.10. 2021. -URL: <https://factcheck.kz/kaz/biz-turaly/>
2. Банников П. Соколова Т. Теоретическое обоснование фактчека как формата журналистики [Электрон. ресурс]. – 1.10. 2021. -URL: <https://factcheck.kz/glavnoe/theory-of-factcheck-as-a-format-bannikov-sokolova-2017/>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі [Электрон. ресурс]. – 1.10. 2021. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

4. Позетти Д, Аиртон Ш, Уордл К, Дерашан Х, Мэтьюс Э, Абу-Фадил М, Трюиннарда Т, Белл Ф, Манцар А. Журналистика, «фейковые новости» и дезинформация. – Урал.: 2019.- 13 б. https://www.susu.ru/sites/default/files/book/zhurnalistika_i_dezinformaciya.pdf

А.М. Текенова, С.Ш.Тахан

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Фактчекинг: сравнительный анализ опыта Болгарии, Британии и Казахстана

Аннотация. В связи с пандемией COVID-19, которая вызвала ажиотаж во всем мире, борьба с дезинформацией и фактчекинг стали приобретать огромное значение. Фактчекинг, а главное, медиаграмотность журналистов и их аудитории, играют большую роль в мировом медиапространстве. В данной статье автор определяет пути решения проблемы, предлагая экспертное интервью специалистов Болгарии и Британии, а также главного редактора проекта Factcheck Kazakhstan о борьбе с фейк ньюс и повышении медиаграмотности.

Ключевые слова: фактчекинг, борьба с фейковыми новостями в социальных сетях, вопросы медиаграмотности, опыт борьбы с фейковыми новостями в болгарских и британских онлайн-СМИ, особенности проекта фактчекинг в Казахстане, правовое регулирование дезинформации.

A.M. Tekenova, S.Sh.Tahan

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Fact checking: comparative analysis of the experience of Bulgaria, Britain and Kazakhstan

Abstract. The outbreak of the COVID-19 coronavirus infection, that has caused a worldwide uproar, the fight against false information and fact-checking becomes increasingly important today. Fact-checking and Media literacy of journalists and their audiences has a special importance for the world media space. Therefore, the article determines the path to the solution of the problem, offering an expert interview with specialists from Bulgaria and the United Kingdom, as well as with the editor-in-chief of the project of “Factcheck Kazakhstan” on fighting fake news and increasing media literacy.

Keywords: factchecking, fake news, the problem of media literacy, the analysis of fake news in online media in Bulgaria, UK, fake news in Kazakhstan, the opinion of media experts.

References

1. Biz turaly [About us] [Elektron. resurs]. – 1.10. 2021. -URL: <https://factcheck.kz/kaz/biz-turaly/>

2. Bannikov P. Sokolova T. Teoreticheskoe obosnovanie faktcheka kak formata zhurnalistiki [Theoretical substantiation of fact-check as a format of journalism] [Elektron. resurs]. – 1.10. 2021. -URL: <https://factcheck.kz/glavnoe/theory-of-factcheck-as-a-format-bannikov-sokolova-2017/>

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі [The Criminal Code of the Republic of Kazakhstan] [Elektron. resurs]. – 1.10. 2021. -URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

4. Pozetti D, Airton SH, Uordl K, Derashan H, Met'yus E, Abu-Fadil M, Tryuinnard T, Bell F, Mancar A. Zhurnalistika, «fejkovye novosti» i dezinformaciya [Journalism, “fake news” and disinformation].–Ural.: 2019.- 13 б. https://www.susu.ru/sites/default/files/book/zhurnalistika_i_dezinformaciya.pdf

Авторлар туралы мәлімет:

Текенова Ә.М. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Журналистика және саясаттану факультетінің 3-курс докторанты, Сәтпаев көш. 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тахан С.Ш. - филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры, Бөкейханұлы көш. 32, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Tekenova A.M. - Doctoral student of Faculty of Journalism and political science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Takhan Serik - Doctor of Philology, Professor at the Department of Teleradio and Public Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 32 Bukeikhan Street, apt. 131, Nur-Sultan, Kazakhstan.